

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

**Тақырыбы: «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЖАҢА
ҚАЗАҚСТАН ФИЛОСОФИЯСЫ»**

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Кеңістік-уақыттық континуумдағы «Мәңгілік Ел» және «Ұлы Дала» категориялары.
2. Қазіргі Қазақстандағы жаңғыру үдерісі: әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени қырлары.
3. Рухани жаңғыру. ХХІ ғасырда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесі.
4. Еуразияшылдық және Қазақстан дамуы. Еуразияшылдықтың әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және геосаяси негіздері.
5. «Мәңгілік ел» идеясы.

Еліміз ұлан-ғайыр Ұлы Дала топырағынан нәр алған аса бай рухани тарихымен төл ұлттық болмысымызға негіз болған. Осындай шетсіз де шексіз далада халқымыздың рухани байланысы еш уақытта да үзілмеген. Оның бастауы алғы философиялық ой-санасымен тікелей байланысты. Бұл халқымыздың сан ғасырлар бойы қорланған даналығының қазіргі рухани жаңғыру жағдайында ұлттық келбетін тереңінен танытатын өзекті қырларының болашақ ұрпаққа берері мол. Рухани мұралардың қалыптасуы мен дамуын жаңаша саралап, зерделеуге мүмкіндік берілді, жаңа бағыт-бағдарлар, пайым-көзқарастар және тұжырымдарға жол ашылды.

«Мәңгілік Ел» - ортақ мұра, ұлттық ділімізде ерте дүние тарихынан бабалар дүниетанымындағы ізгілік пен парасаттылықтың игілікті мекені. Рухы өршіл, жігер-қайраты асқақ, қайсарлы бабаларымыздың ерте дүние тарихынан елінің мүддесі мен тағдыры жолындағы қаншама қиын-қыстау тарихи сынақтарды бастан кешкен еді. Сол қиындықтарға қарамастан алға қойған ұлы мақсат-мұрат – «Мәңгілік Ел» орнату жөніндегі асыл арман болған еді. «Мәңгілік Ел» - асқар таулар мен сағымы көлкіген сайын далада күн кешкен қарапайым қалың елдің көкірегіндегі мұраттар мен ізгі тілектерінің көрінісі.

«Мәңгілік Ел» - түркілер дүниесінен бергі сана-сезімдегі жоғары мақсаты. «Мәңгілік Ел» - ата-баба танымындағы алға қойылған армандармен мүдделестік, мақсаттастық. Ерте дүние тарихынан түркі қағандары өз иелігіндегі ұлыстардың әдет-ғұрыпы, наным-сенімдері, тіліне сыйластықпен қараған әрекеттері қазіргі таңда ұрпақтар сабақтастығымен қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының көрінісі іспеттес рөл атқаруда. Түрлі ұлыстардың құтты мекен жеріне айналған еліміз бейбітшілік пен келісім рухының айғағы.

Ел тарихындағы дана тұлғалардың сөзбен ғана емес, болашақ ұрпағының мұрат-мүддесі жолындағы тындырған іс-әрекеттерінің бастауындағы ізгі ниеті «Мәңгілік Ел» идеясымен дараланып тұрады. Кең далада еркін өмір кешкен өр мінез жандар үшін қашанда ұлы мақсаттарды жоғары қоя білгенін өмір тәжірибесі қорытқан рухани мұралардан ізгілік игілігі ретінде көзбен танып, көкірекпен қабылдай білуімізден көрінеді.

2014 жылдың 17 қаңтарында Елбасы Қазақстан халқы үшін өте маңызды «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жариялады. Онда қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихынан, Тәуелсіздік жылдары бастан өткерген қазақстандық жолдан туындаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы айтылды. Жолдауда «Мәңгілік Елді» ұлттық идея отандастарымыздың қарастырылып отырған мәселелер бойынша басты бағдары бірлік, мақсаттастық тұрғысынан өз жауапкершіліктерімен белсене атсалысуға шақырды.

26.04.2016 ж. Қазақстан тарихында «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» деген тақырыпта Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXIV сессиясының қорытындысы бойынша «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық актісі жария етілді және қабылданды. «Мәңгілік Ел» идеясының шығу тарихына келер болсақ, бұл көне түркілерден бастау алған идея үш тұғырлы түбірден тұрады деуге негіз бар.

Оның алғашқысы, ерте дүние тарихындағы рухани мұрадан мирас болған ел бірлігі, ынтымақтастығы берік ел идеясы болса, келесісі – ғұлама философ Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» философиялық шығармасында және үшіншісі - Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дастанында өз мазмұнын тапқан еді. Бұл болашақ ұрпақ санасына елі, туған жерін қызғыштай қорғау жолындағы сенімге күш-қуат беріп, ұшы-қиырсыз кең даладағы еркіндікке деген құлшыныстың мән-мазмұнымен үндестікте көрініс береді.

Антика ойшылдарының шығармалары жетік меңгерген бабамыз Әл-Фараби түркі дәстүріндегі еркіндік, бостандық рухы түсінігінің философиялық теориялық маңызын жын-жақты ашып берген. Әл-Фараби даналықты негізге ала отырып, адам қоғамын жан-жақты түрде зерттеді. Ол тіпті Аристотельдің пікірлеріне де толықтыру енгізіп, адам қоғамын өзінше талдады. Оның ойынша, қоғам неғұрлым үлкен болса, ол соғұрлым жоғары дәрежеде дамиды. Өйткені адамдардың өзара қауымдастығы, еңбек бөлінісі, рухани қарым-қатынастары бір-бірін толықтырып, Платон айытқандай, қоғамды, мемлекетті даналардың билеуіне мүмкіндік жасайды.

Ал енді қоғам толық емес деп есептелетін себебі жолдағы уақытша аялдаған жерлердегі адамдар, яғни үнемі бір жерден екінші жерге көшіп жүретін көшпелілер жататын топтар. Мұндай жерлерде халықтың аз болуы мүмкін. Ендеше, ғылыми мәдениеттің өркендеуіне кедергілер де көп кездеседі. Бірақ Әл-Фараби жетілген қоғамға ерекше көңіл бөледі. Өйткені, қоғамдағы ең басты мәселе - рухани-мәдени байлық бірінші орында тұрады.

Қазақтың қыпшақ даласының кең жайылған көшпелі қоғамынан шыққан Фараби Платонның қоғамды ең жақсы ұйымдастыратын тек гректер болуы мүмкін деген көзқарасымен келіспейді. Бұл жерде біз Фараби ашып айтса да, өзі туып өскен сахарасының халқы мен қалаларының мәдениеті мен өнерінің жоғарғы сатыда екенін айқындап бергісі келгендігін ерекше сезінеміз. Міне, соның айғақты дәлелі - «Мәңгілік Ел» идеясы. «Ғұлама «Бақыт жолын сілтеу» трактатында адам баласының қалауымен болатын талпыныс нәтижесіндегі игілікті мақсаттарының ішінде ең пайдалысы – бақыт дейді. Оған қолы жеткен тірі пенде әр уақытта қанағат тұтуы керек.

Әл-Фарабидің пікірінше, бақытты көксеу әр адамнан өз бақытының шыңына жету жолының әдісі мен амалын табуды талап етеді. Әл-Фарабидің пікірінше, қоғамды дамыған түрде жетілдіру – «бақытқа жетудің басты шарты». Фараби этикасындағы ең жоғары ұғым бұл – бақыт, яғни өмірде игілік атаулының бәрі осы бақыттың мазмұнында өз мәнін тапса керек. Демек, бұл игілік – адамның өзіне ғана қажетті игілік саналады.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегінің жалғасы іспеттес Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы идеямен үндестігін көреміз. Мән-мазмұнынан «әміршісін халқы сүйген, халқын әміршісі құт пен баққа бөлеген, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды, соған лайық мемлекет құруға деген құлшынысты білдіретін елдік сана философиясын көруге болады».

Тарихымыздағы данагөй ақылмандардың ой-қарымынан, олардың тәжірибелік тағылымдарынан, ел билігін қолда ұстаған ер тұлғалардың, қайраткерлердің, ел, жердің мүддесін қорғаған батыр бабаларымыздың сөзі мен ісі сәйкес келген рухани мұрадағы ұрпақтар сабақтастығымен үндестікті танытады. Сол үндестіктің, жарасымдылықтың лебін «Мәңгілік Ел» түсінігінен танығандаймыз. Бабалардың мұраты - елді бақытқа жеткізу, ізгілікті істермен астасып жатқан ұзақ ғұмырды кешуге жол сілтеу, ақыл-білімге деген құштарлықты ояту, ар ождан тазалығын ұстана білу, даналардан қалған сөздерді ой көзімен тану, қабылдауға негізделген насихаттармен астасып жатыр.

Міне, ерте қазақ жерінде бір тағдыр және тарихи жадымен Ұлы Дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлерін ұрпақтар сабақтастығы негізінде Тәуелсіздік туралы арманды жүзеге асыру барысында болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борыш - бейбітшілік пен келісімнің, бірлік пен тұтастықтың маңыздылығын тұғыр етіп, қоғам мен мемлекеттің жоғары мақсат-мүдделерін орындауда осы Мәңгілік Ел - патриоттық актісін қабылданған. Еліміздің тәуелсіздік тарихын жазудың жаңа белесін абырой, құрметпен орындау осы ұрпақтар үлесінде екендігі анық аталып өткен болатын.

«Тәуелсіздік дәуірінен» бергі аралықта еліміз Болашағы Біртұтас Ел – «Мәңгілік Елді» құру жолында бірлік-ынтымақтастықтың арқасында табысты жетістіктерге қол жеткізді. Бұл «Мәңгілік Елдің» өзегіндегі негізгі басты ұғымдары ел-жұрттың игілікті өмірі, дендерінің саулығы, еңбек етуге деген құлшынысы, бейбіт өмір-ынтымақтастық, болашаққа нық сенім орныққандығымен нығырлана түседі. Сондықтан да, «Мәңгілік Елдің» мызғымас Жеті тұғырын нығайтуға, сақтауға, ұрпақтан ұрпаққа аманат ету – әрбір Қазақстан азаматының парызы, борышы.

«Мәңгілік Ел», бұл - Тәуелсіздік және Астана. Бұл Тәуелсіз Еліміздің символына айналған бас қаламыздың гүлденуі мен қуатының үстем болуы мемлекетіміздің жарқын болашағының көрінісі ретінде қарастырылады.

Мәңгілік Ел, бұл – құтты мекендегі бейбіт өмір және Қазақстан халқының бірауыздылық ынтымақтастығы. Қазақстандықтар үшін туған Отаны – бұл Тәуелсіз Қазақстан елі. Демек, қазақстандықтардың елі бір болғандықтан да «әр қайсысының жүрегінде – бір ел» түсінігі тұрғысынан бабалардан қалған жалпыадамзаттық дәстүрлерді сақтауға мүмкіндік беретін ұлы істері өз жалғастығын табатындығына сенім мол.

Мәңгілік Ел, бұл - зайырлы қоғам және рухани жетілгендік.
Кең далада еркін өмір кешкен өр мінезді жандар үшін қашанда ұлы мақсаттарды жоғары қоя білгенін өмір тәжірибесі қорытқан рухани мұралардан ізгілік-игілігі ретінде көзбен танып, көкірекпен қабылдай білуіміздің көрінісі – рухани танымда түрлі конфессияаралық үнқатысуының түпқазығына айналуы тиіс.

Мәңгілік Ел, бұл - болашақта экономикалық өсімге бағытталған жаңашыл идеялар жетістіктері. Модернизация мен инновациялық дамуға бет алған біртұтас еліміз өз күш-қуатын дамытуда табиғат дүниесіне қатысты ықтияттылық, ұлы жетістіктерге апаратын білім-ғылым жолына ұмтылыстарды қолға алуды мақсат тұтады.

Мәңгілік Ел, бұл – жемісті еңбек ортасы. Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде зор табысқа жету – ұлттық бірліктің, соның ішінде әр қоғам мүшесінің еңбеккерлігінің көрінісі. Бұл бағытта жағдайдың бар болу мүмкіндіктері олардың еңбексүйгіштік және жауапкершілік, Еңбек Адамына құрмет сынды құндылықтардың тереңге бойлағанының кепілі, дәлелі.

Мәңгілік Ел, бұл – Ел тарихы, рухани және материалдық мәдениеті, ана тілін қадірлеу. Қазақ халқы ділінің негізгі кереметінің бірі – өзге халықтардың мәдениетін, дінін, салт-дәстүрлерін құрметтей білуі, ұлттық мәдениеттің, өзара ықпал-әсерлерінің нәтижесінде қорлануы – жалпы қазақстандықтардың ұлттық дәулеті болып саналады.

Мәңгілік Ел, бұл – Мемлекетіміздің тарих сахынасындағы өзіндік бағыт-бағдарын ұстануы. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту – өзін елінің патриоты санайтын әрбір азаматтың қасиетті парызы екендігі баршамызға түсінікті. «Мәңгілік Елдің» қастерлі құндылықтарын басшылыққа ала отырып, қоғамның тұрақтылығын нығайту және оның біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында еліміздің халықаралық аренада мойындалған беделін нығайта түсу жолында қажырлы еңбек жасау – әрбір Тәуелсіз Қазақстан елінің азаматының борышы болмақ. Бұл әрекеттердің барлығы ұрпақтар сабақтастығында болашаққа деген игілікті жалғастық үшін жасалынып жатқан саналы таңдау екендігіне сеніміміз мол демекпіз.

«Елдік тұтастықтың негізгі ұстанымы ұлттың рухын арттырушы, ынтықтастырушы және дәріптеу ұстаным тетігі ретінде рөлі зор. Жан дүние сезімі – рухани бастама арқылы ұлтаралық қатынасты бір арнаға бағыттаушы күш. Егер мемлекет халқы намысы жігерлі, рухы асқақтаған сайын ол ұлттық болашағы да зор әрі мықты болмақ. Бұл өз кезегінде, әлеуметтік, саяси және эконмикалық дамуымыздың бағдары. Рухы мықты ел сол мемлекеттің өзіндік ерекшелігін танытатын, айбындылығын, дамуы жолдарының айқындылығын танытады.

Еліміздің ұлттық рухын көтеру үшін ең алдымен, оның салт-санасын, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін, өзгерістер әрі жаңа белестерге, биіктерге қол жеткізу рухы, бабалар құндылықтарын дәріптеу және насихаттау (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік) - қоғамның рухани негізі ретінде негізгі басымдықтар болуы тиіс». Жаңа қазақстандық патриотизмнің басты мақсаты - қоғамдық келісімді сақтап нығайту. Бұл біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің бұлжымас алғышарты. Қазақстандық патриотизмнің негізі - бұл барлық азаматтардың тең құқықтағы және олардың Отан абыройы үшін ортақ жауапкершілігі.

Өзекті мәселелердің бірі - қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасын қабылдау мәселесін күн тәртібіне қояды.

Қазақ тіліне шетел ғалымдарының зерттеулерін аудару жобасын қолға алуды ұсынған болатын, әрі бұл жобаның алғашқы қадамы жүзеге асырылып, бүгінгі таңда бірқатар кітаптар шет тілдерінен қазақ тіліне аударылып, қолданысқа енген.

Әрі жұмыстың өз бетімен жіберуге болмайтындығын, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажеттігіне баса назар аударады. Бұл бастама қазіргі таңда өз жемісін, нәтижелерін беруде. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге - Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатындығын нығырлай түскен.

Төртіншісі, Жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру мәселесінің маңыздылығын атап өтеді.

«Тәуелсіздік дәуіріндегі» отандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аудару идеясын - «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асыру керектігін ұсынған болатын. Елбасының пікірінше, ұлттық жаңғыру бұл – ұлттық сананың кемеліне жетуі деген сөз дей отырып, оның екі сипатын атап көрсетеді. Бастапқысы, ұлтымызға тән өзіндік ойлау қабілетінің шексіздігін таныту, көрсете білу. Әрі ұлттық болмыс негізінен танбай болашаққа нық сеніммен қарау.

Соған қарағанда, қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін деген сауалды қоя отырып, оған тереңінен жан-жақты жауабын өзі береді. Әр уақытта кез келген мемлекет ешкімге ұқсамайтын дамудың қайталанбас үлгілерін туындататынына тоқтала келе, «ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі қалуға тиіс» екендігіне баса назар салады. Қазіргі таңда рухани жаңғыру бұл – зерделі танымда ата-бабалар мұрасын тереңірек ұғынуға, ұлттық болмысымыздың тарихи тамыры болатын дүниелерді білуге деген ұмтылыс.